

"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ішкі әскерлері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 11 қыркүйектегі № 1176 Қаулысы
Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**
«Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ішкі әскерлері туралы»
Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»
Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті
Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Премьер-Министрі
Жоба

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К. Мәсімов

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ішкі әскерлері туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ішкі әскерлері туралы» 1992 жылғы 23 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., № 11-12, 290-құжат; № 24, 592-құжат; 1993 ж., № 8, 179-құжат; 1995 ж., № 1-2, 17-құжат; № 23, 155-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 7, 79-құжат; № 12, 184-құжат; № 13-14, 205-құжат; 1998 ж., № 23, 416-құжат; № 24, 436-құжат; 1999 ж., № 8, 233, 247-құжаттар; 2001 ж., № 13-14, 174-құжат; № 20, 257-құжат; № 24, 336-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; № 24, 155-құжат; 2007 ж., № 15, 107-құжат; 2008 ж., № 10-11, 39-құжат; 2010 ж., № 7, 32-құжат; № 24, 149-құжат; 2011 ж., № 1, 7-құжат; № 11, 102-құжат; № 16, 129-құжат; 2012 ж., № 3, 26-құжат, № 5, 41-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 1-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:
«Ішкі әскерлердің жалауы және рәмізі болады. Ішкі әскерлер өңірлік қолбасшылықтарының, құрамалары мен әскери бөлімдерінің белгіленген үлгідегі жауынгерлік тулары болады.»;

2) 2 - б а п т а :
екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Ішкі әскерлерге жүктелген міндеттерді орындауды:
Ішкі әскерлерді әскери басқару органдары:
Ішкі әскерлер бас қолбасшылығы – Ішкі әскерлер комитеті;
өңірлік қолбасшылықтар (жедел-аумақтық бірлестіктер);
жедел мақсаттағы құрамалар мен әскери бөлімдер;
маңызды мемлекеттік объектілер мен арнайы жүктерді күзету жөніндегі арнайы
ә с к е р и б ө л і м д е р ;

түзеу мекемелерін күзету және айдауылдау жөніндегі құрамалар мен әскери
б ө л і м д е р ;

арнайы моторландырылған құрамалар мен әскери бөлімдер;
Ішкі әскерлердің әскери полициясы;
Ішкі әскерлердің әскери оқу орындары;
ә с к е р и о қ у б ө л і м д е р і ;
Ішкі әскерлердің қызметін қамтамасыз ететін әскери бөлімдер;
а в и а ц и я л ы қ ә с к е р и б ө л і м ;
арнайы мақсаттағы әскери бөлімдер (бөліністер) жүзеге асырады.»;

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

«Ішкі әскерлер бас қолбасшысына тікелей бағынысты құрамалар мен әскери
бөлімдерді қоспағанда, құрамалар мен әскери бөлімдер Ішкі әскерлердің өңірлік
қолбасшылықтарының (жедел-аумақтық бірлестіктерінің) құрамына кіреді.»;

3) 4-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«4-бап. Ішкі әскерлердің қызметін ұйымдастырудың қағидаттары
м е н н е г і з д е р і

Ішкі әскерлердің қызметі заңдылық, ізгілік, жеке адам құқығын сақтау және дара
басшылық қағидаттарында жүзеге асырылады.

Әскерлерді тікелей басқаруды Ішкі әскерлер бас қолбасшысы жүзеге асырады.

Облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың ішкі істер
департаменттерінің бастықтары Ішкі әскерлер бас қолбасшысына тікелей бағынысты
құрамалар мен әскери бөлімдерді қоспағанда, тиісті облыстардың, республикалық
маңызы бар қаланың және астананың аумақтарында орналасқан және қоғамдық тәртіпті
қорғау, түзеу мекемелерін күзету жөніндегі және төтенше жағдайлар кезінде, сондай-ақ
Қазақстан Республикасының заңнамасында Ішкі әскерлерге жүктелген басқа да
міндеттерді шешу жөніндегі міндеттерді орындайтын Ішкі әскерлер бөлімдері мен
құрамаларының командирлеріне қатысты аға жедел бастықтар болып табылады.»;

4) 7-баптың үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«- Ішкі әскерлер бас қолбасшысын қызметке тағайындайды, қызметтен босатады;»;

5) 8-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Ішкі әскерлердің ұйымдастырушылық құрылымын, штат санының лимитін және
о р н а л а с т ы р ы л у ы н б е к і т е д і ;»;

б) 10-баптың тоғызыншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Ішкі әскерлер бас қолбасшысының орынбасарларын, өңірлік қолбасшылықтар (жедел-аумақтық бірлестіктер) қолбасшыларын, Ішкі әскерлердің жоғары әскери оқу орындарының бастықтарын, Ішкі әскерлер құрамаларының командирлерін лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады, Ішкі әскерлердің офицерлерін қызметтен босатады, офицерлік құрамның бастапқы әскери атағын және «полковник» әскери атағын б е р е д і . » ;

7) 10 - 1 - б а п т а :

тақырыбы және бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«10-1-бап. Ішкі әскерлер бас қолбасшысы.

Ішкі әскерлер бас қолбасшысы:»;

алтыншы және тоғызыншы абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Ішкі әскерлер офицерлерінің әскери қызметті өткеру мәселелерін шешеді, лауазымға тағайындайды, лауазымнан босатады, кезекті әскери атақтар береді, офицерлік құрамның әскери атағын төмендетеді, подполковникті қоса алғанда оларды запасқа немесе отставкаға шығарады ; » ;

«Қазақстан Республикасының Ішкі істер министріне Ішкі әскерлер бас қолбасшысының орынбасарларын, Өңірлік қолбасшылықтар (жедел-аумақтық бірлестіктер) қолбасшыларын, құрамалардың командирлері мен әскери оқу орындарының бастықтарын лауазымға тағайындау және лауазымнан босату туралы ұ с ы н ы с т а р ж а с а й д ы . » ;

8) мынадай мазмұндағы 10-2-баппен толықтырылсын:

«10-2-бап. Ішкі әскерлердің Өңірлік қолбасшылық (жедел-аумақтық бірлестік) қолбасшысы

Ішкі әскерлердің Өңірлік қолбасшылық (жедел-аумақтық бірлестік) қолбасшысы: өңірлік бірлестіктегі бағынысты әскери бөлімдерінің тұрақты жауынгерлік және жұмылдыру әзірлігін сақтайды;

қызметтік-жауынгерлік іс-әрекетке, әскерді жедел және жауынгерлік даярлауға, озық тәжірибені енгізуге, материалдық базаны дамытуға және жеке құрам үшін қажетті әлеуметтік-тұрмыстық жағдай жасауға басшылық етеді; бұйрықтар мен өкімдер шығарады;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өңірлік бірлестік әскери қызметшілерінің әскери қызмет өткеру мәселелерін шешеді, лауазымға тағайындайды, лауазымнан босатады, кезекті әскери атақтар береді, жоғары сержанттық құрамды қоспағанда, капитанды қоса алғанда келісімшарт бойынша әскери қызметшілерді запасқа немесе отставкаға шығарады және офицерлік құрамның әскери атақтарын төмендету бойынша ұсыныстар енгізеді.»;

9) 11 - б а п т а :

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«- өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің ведомстволық бағынышты аумақта Ішкі әскерлердің өңірлік қолбасшылықтарын, құрамаларды, бөлімдері мен бөліністерді құру және орналастыру жөніндегі ұсыныстарын қарауға қатысады;»;

төртінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«- Ішкі әскерлердің өңірлік қолбасшылықтарының (жедел-аумақтық бірлестіктерінің), құрамалары мен бөлімдерінің қолбасшылығына Ішкі әскерлерге қызметке шақыруды ұйымдастыруда көмек көрсетеді;»

10) 13-баптың үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«бөлімдердің командирлерімен бірлесіп, Ішкі әскерлердің жедел мақсаттағы әскери бөлімдері және арнайы моторландырылған бөлімдері үшін қызметтік міндеттер көлемін олардың санына қарай айқындайды;»;

11) 14-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Әскери кеңестің құрамын Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Ішкі әскерлер бас қолбасшысының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі бекітеді.»

12) 15-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«15-бап. Ішкі әскерлер бас қолбасшылығы – Ішкі әскерлер комитеті

Ішкі әскерлер бас қолбасшылығы – Ішкі әскерлер комитеті бейбіт және соғыс уақытында Ішкі әскерлерді негізгі әскери басқару органы болып табылады және әскердің тұрақты жауынгерлік әрі жұмылдыру әзірлігін ұстауға, Ішкі әскерлердің құрылыс және даму жоспарларын әзірлеуге және іске асыруға, олардың ұйымдастырушылық-штаттық құрылымын жетілдіруге, Ішкі әскерлердің қызметтік-жауынгерлік іс-әрекетін ұйымдастыруға арналған.

Бейбіт уақытта Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Бас штабымен бірлесіп, бірлескен іс-қимылдардың нұсқаларын жоспарлайды.».

2-бап. Осы Заң алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті